

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық сынып				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Сәуір айы 2-апта 07.04- 11.04. 2025ж				
Апта күндері	Дүйсенбі 07.04	Сейсенбі 08.04	Сәрсенбі 09.04	Бейсенбі 10.04	Жұма 11.04
Күн тәртібі	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сәуір айы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы «Апта дәйексөздері»- «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»				
Балаларды қабылдау	Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	. Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» «Сақинаны лақтыр» Мақсаты: Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: «Күн» мен «Түн» деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшандыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз

	көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.	кигізулері керек.	ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді. Ереже: 1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады. 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады. 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.	(ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.	өнерін көрсетеді.
Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Менің Қазақстаным ҚР гимні «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да,тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.	Математика негіздері Міндеті: Не(пішіндер) неге ұқсайды? - геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды;	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау - сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру; -сызбадан дыбыстың орнын	Математика негіздері Міндеті: . Кім қайда тұр? - қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға	Математика негіздері Міндеті: Кім қайда тұр? -қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру;	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлем құрай білеміз -сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру; -графикалық

	өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; -графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қазақ тілі Міндеті Біз мектепке барамыз. - сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету; -сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дене шынықтыру Міндеті Менің достарымның ойыны. -балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.Ойындағы қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.	анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. 1 Сурет салу. (Шығармашылық іс-әрекеттер) Міндеті: Ғарыш кемесі. -ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүйуге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Бақшадағы ән-сауық. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? - балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік	жаттықтыру; Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлем құрай білеміз - сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру; -графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту; -ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті: Қазақ халқының ұлттық ойындары. (таза ауада) -шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Міндеті: Мен ғарышкер боламын (өлеңді жатқа айтуға үйрету) Жақан Смақов - өлеңді дауыс ырғағымен	Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Күн, Ай және Қораз. - ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру; -сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру; -достықты бағалай білуге тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Бақшадағы ән-сауық. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Қазақ тілі Міндеті: Мектепке не апарамыз? -оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен	тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту; -ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті Ойын ойнап өсеміз. - допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету. Көркем әдебиет Міндеті Достық мерекесі (өлеңді жаттау)СерікбайОспанов -өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату; -өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету; -сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:.
--	---	---	--	--	--

	Сөйлеуді дамыту. Міндеті Маңдай тер. -сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту; -зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту.	мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту.	сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру.	Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? - балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту; -зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	Сәуір Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Топырақты бақылау Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен)	Сәуір Серуен-Бақылау №9 Бақылау: Сутоғанды бақылау Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет	Сәуір Серуен-Бақылау №10 Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі	Сәуір Серуен-Бақылау №11 Бақылау: Тастарды бақылау Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Бақылау барысы Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Жеке жұмыс *Тастардың қандай түрлерін	Сәуір Серуен-Бақылау №12 Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге

	жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Жеке жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. Жеке жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: —белгі бойынша әрекет етуге үйрету; —ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? Жеке жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	білесіндер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсындар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Өр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.				

	Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары «Кірпі» жаттығуы Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу. Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту. А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды. Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан	Ойын: «Көжектер» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу. Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді. 	Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары «Жасыру» саусақ ойыны. Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. «Салат» саусақ ойыны. Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді) 	Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат » Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріндер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секірітіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./ 	Ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. 

	төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.				
Балалармен жеке жұмыс	_____ - Жеке баламен жұмыс: Сөйлеуді дамытудан Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	_____ - Жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	_____ - Музыкалық -ырғақтық жаттығулар Биік музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	_____ - ойын: Көктем мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап береді.	_____ - Жеке баламен жұмыс: Сөйлеуді дамытудан Дәрумендер сөзін дұрыс айтуға үйрету.
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен		«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Атбақыл Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшандыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі сокқан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын (сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Көтермек Мақсаты: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады.	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Арқан тартыс Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшандыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.

				бойларына қарай қатар түзеп тұрады .	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өнегелі 15 минут ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН АУЛАҚ БОЛҒЫҢЫЗ Бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның тұлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – баланыңды мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе оның шешім табуына қолдау көрсетуіңіз 	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу